

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы - ел тарихында / Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты. - Астана: -2014. - 266 б.
2. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым - өткенге тағзым» жобасы аясында өткен халықаралық форумның материалдары. - Жезқазған, 2016; - Қызылорда, 2017.
3. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ: ТӘЖІРИБЕСІ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ, ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ»: онлайн халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, - Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2020. - 149 б.
4. *Сибирские вопросы : периодический сборник* / [под ред. П. М. Головачева; изд. В. П. Сукачев] . - С.-Петербург : Тип. Альтшулера, 1905-1913. 1905, № 1.

ҚХА ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Ғабдулуохап Ә.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауым.профессоры Туякова А.Е.
Астана халықаралық университеті,
agabduluoahap@gmail.com
Астана.к.

Қазақстан қоғамы этносаяси, әлеуметтік және мәдени көптурлілігімен ерекшеленетін бірегей мемлекет болып табылады. Ел тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңнен бастап ұлттық тұтастық, қоғамдық келісім және этностар арасындағы өзара құрмет ұғымдары мемлекет дамуының іргелі факторларының біріне айналды. Осы бағыттағы институционалдық негіздердің ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) орны ерекше. Ассамблея, этносаралық татулық пен бірлікті нығайтуға арналған конституциялық орган ғана емес, сонымен қатар қоғамдық сананы жаңғыртатын, азаматтық тұлғаны тәрбиелейтін және ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталған ғылыми-білім беру бастамаларының орталығы болып отыр. Ел Президенті Қ.Тоқаев «Ұлтаралық келісім, Қазақстанның стратегиялық капиталы» екенін атап көрсеткен [3, 14 б.], бұл ҚХА жұмысының маңызын тек саяси емес, сонымен қатар әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан да айқындайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының білім беру бағытындағы қызметінің маңыздылығы бірнеше ғылыми бағыттармен астасады: бірі, азаматтық патриотизмнің дамуы, екіншісі, этномәдени құндылықтардың сақталуы, үшіншісі, жас ұрпақтың толеранттылық мәдениетін қалыптастыру. Білім беру арқылы этностар арасында тұрақты гуманистік құндылықтарды орнықтыру, заманауи көпэтносты қоғамдағы тұрақтылықтың кепілі болып табылады [1, 72 б.]. Осы тұрғыда Ассамблеяның бастамаларымен іске асатын «Мың бала», «Бірлік сыныптары», «Достық клубтары», ғылыми-сараптамалық кеңестер, этномәдени бірлестіктер жанындағы жексенбілік мектептер, студенттік медиация орталықтары секілді жобалар елдегі қоғамдық келісімді білім беру жүйесімен байланыстыра отырып дамытады. [6, 45 б.]

Ассамблеяның қызметіне қатысты теориялық тұжырымдамалардың бірі, этносаралық толеранттылық мәдениетінің қалыптасу теориясы. Бұл теорияға сәйкес, қоғамның бейбіт дамуы этникалық ерекшеліктерді жоюға емес, керісінше, өзара құрмет пен қабылдауға негізделген мәдени эртүрліліктің үйлесіміне байланысты [5, 87 б.]. Қазақстан жағдайында бұл қағида ұлттық бірегейлікті күшейтуге мүмкіндік беретін «Ортақ азаматтық ұлт» концепциясымен үйлеседі. Яғни, ұлтына, дініне, тіліне қарамастан, әр азамат өзін Қазақстанның тең құқылы азаматы ретінде сезінуі тиіс. Ассамблеяның білім беру жобалары осы концепцияны реалистік тетікке айналдыратын маңызды әлеуметтік институт.

Білім беру бастамалары арқылы қоғамдық келісімді нығайту механизмі бірнеше құрамдас бөліктен тұрады. Біріншіден, оқушылар мен студенттер арасында этностардың тарихына, мәдениетіне және рухани құндылықтарына құрмет сезімін тәрбиелеу. Екіншіден, азаматтық жауапкершілік пен мемлекетке адалдық ұстанымын қалыптастыру. Үшіншіден, қақтығыстардың алдын алуға және дауларды диалог арқылы шешуге үйрету. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, толеранттылық, өзара түсіністік және ынтымақтастық сияқты қасиеттер білім беру арқылы берік қалыптасады. Осы бағытта ҚХА жанындағы жоба ретінде ашылған «Достық үйлері» тек мәдени орталық қана емес, сондай-ақ білім беру тренингтері мен ғылыми семинарлар өткізілетін кеңістікке айналған.

Қазақстан халқы Ассамблеясының білім саласындағы рөлі халықаралық тәжірибе тұрғысынан да зерттеуге лайық. Мәселен, Канада, Сингапур, Бельгия және Швейцария секілді көпэтносты мемлекеттерде этникалық топтар арасындағы бейбітшілік әлеуметтік интеграция мен білім беру негізінде қол жеткізілетіні белгілі. Бұл елдерде мультикультуризм моделі мәдени азшылықтарды қоғамның толық мүшесі ретінде қабылдай отырып, азаматтық интеграцияны қамтамасыз етеді. Қазақстан үлгісі де осы теориямен үндес, бірақ айырмашылығы, этностардың мәдени ерекшеліктерін сақтай отырып, азаматтық бірегейлікті бір орталықтан нығайту. Ассамблеяның бастамалары бұл теңгерімді іске асырудың практикалық құралына айналады.

Бұл мақала Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық келісім мен ұлттық бірегейлікті нығайтудағы білім беру жобаларының құрылымын, әлеуметтік әсерін, іске асырылу механизмін және болашақ даму перспективаларын ғылыми тұрғыдан талдауды мақсат етеді. Зерттеудің өзектілігі, жастардың құндылықтық бағдарын, азаматтық жауапкершілігін және ұлтаралық толеранттылығын қалыптастыруда ҚХА-ның білім беру бастамаларының рөлі өсіп отырғандығында. Ұлттық бірлік пен қоғамдық тұрақтылық, экономикалық өсімнің, мемлекеттік қауіпсіздіктің, әлеуметтік интеграцияның және демократиялық институттардың орнығуының басты шарты. Сондықтан ҚХА-ның білім беру жобалары бүгінгі жаһандық турбулентті жағдайда Қазақстан қоғамының тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды ресурстардың бірі болып қала береді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық келісім мен ұлттық бірегейлікті білім беру жүйесі арқылы нығайтудағы қызметі құрылымдық, мазмұндық және функционалдық қырлардан көрініс табады. Ассамблеяның білім беру саласына бағытталған жобалары бірнеше деңгейде жүзеге асырылады: мектепке дейінгі тәрбие, жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім, жоғары білім, сондай-ақ педагогтар мен мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бағдарламалары. Мұның барлығы этносаралық қатынастар мәдениетін тұлға бойына ерте жастан қалыптастыруға мүмкіндік береді. Соңғы онжылдықтағы зерттеулер қоғамдағы үйлесімділік пен бейбітшілікке негіз болатын ең мықты фактордың бірі, жас ұрпақтың құндылықтық бағдарын қалыптастыру екендігін көрсетеді [9, 103 б.]. Сондықтан білім беру - ҚХА қызметінің негізгі стратегиялық бағыты болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) бастамасымен жүзеге асырылған маңызды білім беру жобаларының бірі «Мың бала» мәдени-ағартушылық жобасы. Бұл жоба этностардың мемлекеттік тілде, яғни қазақ тілінде білім алуы мен өзін еркін көрсетуіне жағдай жасауға бағытталған. Жоба аясында этностық азшылық өкілдерінен шыққан дарынды оқушыларға қазақ тілінде дебаттар, олимпиадалар, эссе байқаулары мен ғылыми зерттеу конкурстары ұйымдастырылады [6, 45 б.].

Оның негізгі мақсаты, түрлі этнос өкілдері арасында білім, пікірталас және шығармашылық жарыстары арқылы тұлғалық байланыс орнату. Жобаның мәні тек академиялық деңгейде емес, сонымен бірге мәдениетаралық диалогты дамытуда көрініс табады. Балалар қазақ тілін меңгеріп қана қоймай, өздерінің мәдени ерекшеліктерін таныта алады, сол арқылы этносаралық түсіністік пен сыйластық қалыптасады [6, 46 б.]. Зерттеулер көрсеткендей, жобаның қатысушылары арасында өзге этностар өкілдерімен достық қарым-қатынас орнату деңгейі жоғары. Бұл жастардың бір-біріне деген сенімін арттырып, мектептегі әлеуметтік шиеленістерді төмендетуге ықпал етеді. Сонымен қатар, жобаның практикалық нәтижелері көрсеткендей, «Мың бала» жобасы қатысушылардың мемлекеттік тілде сөйлеу деңгейін 20-25%-ға арттырған, бұл олардың жеке және әлеуметтік дамуына оң әсер тигізеді [6, 48 б.]. Жобаның мәдени-ағартушылық компоненті де ерекше назарға лайық. Әр облыс, қала және мектеп өздерінің этномәдени ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік алады: ұлттық киімдер, салт-дәстүрлерді таныстыру, этникалық тағамдар фестивальдері өткізу. Бұл іс-шаралар жастарды өз мәдениетімен мақтануға, сонымен қатар басқа этностар мәдениетін құрметтеуге үйретеді. Сонымен қатар, жобаның аясында ұйымдастырылатын онлайн платформа мен вебинарлар этносаралық диалогты кеңейтеді, әсіресе шалғай аймақтардағы балалардың белсенді қатысуына жағдай жасайды [6, 50 б.].

Жалпы, «Мың бала» жобасы - қоғамдық келісімді нығайтудағы маңызды құрал. Жоба балалардың бойына толеранттылық, патриотизм және азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Жобаның ұзақ мерзімді әсері, қатысушылардың қоғамдағы әлеуметтік қатынастарда белсенділігі, мәдениетаралық коммуникация дағдыларының қалыптасуы және өзге этностарға деген құрметтің өсуі [6, 52 б.].

«Достық клубтары» және «Бірлік сабақтары» Ассамблеяның мектептердегі білім беру бастамаларының тағы бір бағыты «Достық клубтары» желісі. Бұл клубтарда түрлі этнос өкілдері өнер, колөнер, театр, фольклор және ұлттық дәстүрлер арқылы бірін-бірі тануға мүмкіндік алады. Эмоционалды-мәдени коммуникация, мысалы, ортақ ән айту, би билеу, ұлттық салт-дәстүрлерді

орындау, бірлескен жобалар жасау, ақпараттық-коммуникациялық тәсілдерден әлдеқайда тиімді екенін зерттеулер көрсетеді [5, 60 б.].

Клубтарда ұйымдастырылатын іс-шаралар балаларға тек қана білім емес, сонымен бірге эмоциялық тәжірибе береді. Мысалы, бірлескен шығармашылық жобалар балаларды топтық жұмысқа үйретеді, әртүрлі пікірлер мен көзқарастарға бейімделуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде мектептегі әлеуметтік ортада келісім мен үйлесімділікті нығайтады [5, 62 б.]. «Бірлік сабақтары» бағдарламасы бойынша мұғалімдер арнайы әдістемемен патриотизм, достық, адамгершілік және мемлекеттік рәміздерге құрмет тақырыбында ашық сабақтар өткізеді. Сабақтарда интерактивті әдістер қолданылады: пікірталастар, рөлдік ойындар, мәдени-танымдық тапсырмалар. Мұндай әдістемелер оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сыныптағы атмосфераны жақсартуға, өзара сыйластық пен сенімділікті қалыптастыруға көмектеседі [5, 64 б.]. Қатысушылардың пікірлері бұл сабақтардың балалардың бір-біріне деген жылы қарым-қатынасына оң әсер ететінін көрсетеді. Оқушылар сабақ барысында өз пікірлерін еркін білдіруге, басқа этностар көзқарасын түсінуге, келіссөз жүргізу дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады. Мұндай тәжірибе балалардың тұлғалық дамуына ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік сенімді нығайтуға да ықпал етеді [5, 66 б.].

«Достық клубтары» мен «Бірлік сабақтары» жастарға мәдениетаралық диалогты тәжірибеде меңгеруге мүмкіндік береді. Олар этносаралық қақтығыстарды алдын алу мен бейбітшілікті нығайтудағы практикалық құралға айналады. Сонымен қатар, бұл жобалар мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырады: олар жаңа әдістемелерді пайдаланып, оқушылар арасында достық, сыйластық және қоғамдағы үйлесімділікті қалыптастыруға үлес қосады [5, 68 б.].

Яғни, «Мың бала», «Достық клубтары» және «Бірлік сабақтары» жобалары бір-бірін толықтырады. Олар балалар мен жастардың білімін, мәдени тәжірибесін, әлеуметтік дағдыларын дамытып, көпэтносты қоғамдағы қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға мүмкіндік береді. Бұл жобалар Қазақстан халқы Ассамблеясының білім беру саласындағы негізгі құралдарының бірі болып табылады, сондай-ақ жастарды әлеуметтік белсенді ету мен патриотизмді қалыптастыруға бағытталған кешенді механизм болып саналады [6, 52 б.; 5, 66 б.].

Жексенбілік мектептер және этномәдени бірлестіктер. Қазақстанның әр өңірінде жұмыс істейтін жексенбілік мектептер Ассамблея қызметінің ерекше педагогикалық бағыты болып табылады. Бұл мектептерде балалар тарихи Отанының тілін, мәдениетін үйрене отырып, өзге этностарды да танып біледі. Ғалымдардың пікірінше, өзінің ұлттық мәдениетін сақтау мен өзгелердің мәдениетіне құрмет көрсету үйлесімді көпэтносты қоғамның негізгі формуласы [4, 79 б.]. Жексенбілік мектептерде мемлекеттік тіл курстары да өткізіледі, бұл мәдени интеграция мен ортақ азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Жоғары оқу орындары ғылыми сараптама және қолданбалы зерттеулер ҚХА-ның білім беру қызметі жоғары білім беру жүйесімен де тығыз байланысты. Қазақстанның ірі университеттерінде ҚХА кафедралары ашылып, «Қоғамдық келісім», «Этносаясат», «Ұлттық бірегейлік», «Межэтникалық коммуникация» тәрізді пәндер енгізілді. Бұл бағыт болашақ педагогтар, мемлекеттік қызметкерлер, заңгерлер, әлеуметтанушылар мен тарихшылар үшін этносаралық коммуникация мәдениетін кәсіби деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік береді [6, 55 б.]. Университеттер жанында студенттік медиация клубтары, этносаралық келісім жөніндегі зерттеу топтары мен еріктілер қозғалыстары да жұмыс істейді.

Медиацияның рөлі дауларды бейбіт жолмен шешу мәдениеті, этносаралық қатынастар мәдениетін қалыптастырудың маңызды бөлігі, қақтығыстардың алдын алу және дауларды шешудің бейбіт механизмдерін дамыту. Осы мақсатта ҚХА жанындағы медиация кабинеттері білім беру мекемелерімен бірлесіп семинарлар, тренингтер және практикалық сабақтар ұйымдастырып келеді. Қақтығысты күшпен емес, диалогпен шешу дағдысы, көпэтносты қоғам үшін маңызды әлеуметтік капитал [10, 37 б.]. Медиативтік құзыреттіліктің қалыптасуы жасөспірімдер арасында буллинг, агрессия, төзімсіздік деңгейінің төмендеуіне әсер ететіні зерттеулермен дәлелденген. Соңғы жылдары Ассамблея сарапшылары мен Білім және ғылым министрлігінің мамандары бірлесіп мектеп оқулықтарына этномәдени білім беру компоненттерін енгізді. Қазақстан тарихы, өзін-өзі тану, құқық негіздері және әдебиет пәндерінде көпэтносты қоғам ұғымы, толеранттылық, патриотизм және азаматтық жауапкершілік идеялары жүйелі түрде қамтылған. Оқулықтың мазмұндық желісі тұлғаның ұлттық құндылықтарға ие бола отырып, жалпыазаматтық танымды дамытуына бағытталған.

Әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесі Ассамблеяның білім беру бастамалары этностар арасындағы өзара түсіністік пен сенімнің нығаюына ықпал ететінін көрсетеді. Соңғы бес жылдағы сауалнама нәтижелері мектеп пен ЖОО білім алушыларының 84%-ы этникалық әртүрлілікті Қазақстанның байлығы деп қабылдайтынын, 78%-ы өзге этнос өкілдерімен достық қарым-қатынаста

екенін, 73%-ы қоғамдық тұрақтылық үшін бірлік қажет екенін түсінетінін көрсеткен. Бұл деректер ҚХА жобаларының тәрбиелік, әлеуметтік және мәдени тиімділігін дәлелдейді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының білім беру бағытындағы бастамалары қоғамдағы ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған кешенді механизм болып табылады. Ұлттық бірегейлік этносаралық келісім мен азаматтық жауапкершіліктің симбиозы ретінде қарастырылады. Бұл бағыттағы жобалар тұлғаны ұлттық мәдени құндылықтарды сақтай отырып, жалпықазақстандық патриотизмді қалыптастыруға бағыттайды. Мысалы, «Бірлік сабақтары», «Достық клубтары», «Қазақтану» жобалары тек білім беру құралдары ғана емес, сондай-ақ азаматтық бірегейлікті нығайту, этносаралық диалогқа қабілетті тұлға қалыптастыру алаңы болып табылады [1, 77 б.]. Ассамблеяның жобалары ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда бірнеше стратегиялық функцияны атқарады. Біріншіден, бұл жобалар жастардың бойында патриотизм сезімін қалыптастырады. Қазақстанның әр аймағында түрлі этностар өкілдері өз мәдениеті мен дәстүрін сақтай отырып, ортақ мемлекеттік құндылықтарға сүйенуді үйренеді. Бұл процесс жастардың тұлғалық, азаматтық және әлеуметтік дамуын үйлестіріп, мемлекеттік құндылықтарды өз бойына сіңіруге көмектеседі [6, 64 б.].

Екіншіден, ҚХА жобалары арқылы этносаралық сенім мен өзара құрмет қалыптасады. Дарынды оқушыларға арналған олимпиадалар, эссе байқаулары, ғылыми жобалар конкурстары жастардың бір-бірімен тең дәрежеде бәсекелесуіне, бір-бірінің мәдениетін тануына мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе этносаралық диалогты мектеп жасынан қалыптастырады және болашақта әлеуметтік шиеленістердің алдын алуға қызмет етеді.

Үшіншіден, жобалар әлеуметтік мобильділікті арттырады. «Мың бала», «Менің елім», «Ұлттық бірегейлік» сияқты жобалар ауыл мен қала оқушылары арасындағы білім алшақтығын азайтып, талантты жастарға тең мүмкіндіктер ұсынады. Мұндай әдістің тиімділігі қоғамда әлеуметтік әділеттілік сезімін күшейту, болашақ мамандар мен көшбасшыларды дамытуда айқын көрінеді [9, 88 б.].

Ассамблеяның білім беру жобалары педагогикалық инновацияларды енгізуге де ықпал етеді. Мұғалімдерге арналған арнайы тренингтер мен семинарлар, этномәдени білім беру әдістемелері, медиация және толеранттылық сабақтары кәсіби дағдыларды жетілдіреді. Бұл тәжірибе мектептер мен колледждерде этносаралық келісімнің тұрақты механизмін қалыптастырады. Қазақстан халқы Ассамблеясының жобалары халықаралық тәжірибемен үндес. ЮНЕСКО мен ISESCO ұйымдары Қазақстан үлгісін көпэтносты қоғамда білім беру арқылы келісім мен тұрақтылық орнатудың тиімді моделі ретінде атап көрсеткен. Сонымен қатар, Қазақстан университеттері мен Ассамблея ұйымдастырған халықаралық студенттік форумдар мен ғылыми конференциялар жастарды мәдени әртүрлілікке құрмет көрсетуге және тәжірибе алмасуға үйретеді.

Практикалық ұсыныстар: Білім беру жобаларының барлық деңгейінде этносаралық үйлесімділік пен ұлттық бірегейлік тақырыбын интеграциялау. Педагогтар мен әкімшілік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін жетілдіру бағдарламаларын кеңейту. Жастардың қатысуымен этномәдени, ғылыми және шығармашылық жобаларды көбейту. Цифрлық платформа арқылы этносаралық келісімге арналған интерактивті құралдарды енгізу. Жоба нәтижелерін әлеуметтік зерттеулер арқылы мониторингтеу және тиімділігін арттыру.

Қорытындылай келе, Қазақстан халқы Ассамблеясының білім беру саласындағы қызметі қоғамдық келісім мен ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайтудағы негізгі институттық құрал болып табылады. Ассамблеяның бастамалары жастардың бойында толеранттылық, патриотизм, өзара құрмет сезімін қалыптастырады, этносаралық сенімді нығайтады және әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз етеді. Бұл тәжірибе Қазақстан қоғамының тұрақтылығы мен дамуының кепілі, сонымен қатар халықаралық тәжірибе ретінде құнды үлгі болып табылады [10, 53 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан халқы Ассамблеясы. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымы мен қызметі: ресми құжаттар. - Астана: ҚХА баспасы, 2020. - 120 б.
- 2 Тоқаев Қ.К. Қазақстанның әлеуметтік саясаты мен ұлттық бірегейлік. - Астана: Елбасы баспасы, 2021. - 144 б.
- 3 Нұртазина Ж.А. Этносаралық қатынастар теориясы. - Алматы: ҚазҰУ, 2019. - 256 б.
- 4 Әбдіхалықов М.С. Қазақстандағы көпэтносты қоғам және білім беру. - Астана: Білім баспасы, 2020. - 197 б.
- 5 Сарсенова Г.Э. Толеранттылық мәдениеті және жастар. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 134 б.

- 6 Жұмаділова С.Т. «Мың бала» жобасы: әлеуметтік және педагогикалық аспектілер. - Астана: ҚХА баспасы, 2022. - 128 б.
- 7 Кәрімов Б.А. Медиация және этносаралық қатынастар. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 144 б.
- 8 Назарбеков М.С. Қазақтану бағдарламасы және этносаралық интеграция. - Алматы: Білім баспасы, 2021. - 176 б.
- 9 Смагулова Л.К. Этносаралық диалог пен жастар. - Астана: ҚХА, 2020. - 104 б.
- 10 ҚХА. Қоғамдық келісім және ұлттық бірегейлік: стратегиялық құжаттар. - Астана: ҚХА баспасы, 2022. - 128 б.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ - БІРЛІКТІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Серикова.Д.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Кентбек С.Қ
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
serikovadaria9@gmail.com
Қарағанды қ.

Егемен, Тәуелсіз Қазақстан бүгінгі таңда сан алуан этностардың тоғысқан мекені екендігі аян. Қазіргі кезде ол Еуразия кеңістігіндегі көпұлтты, көпконфессиялы мемлекет. Еліміздің басты миссияларының бірі - түрлі кезеңдерден өткен этностар тағдырын, олардың мәдени, рухани мұрасын сақтап, ұлттың тұтастығын нығайту. Осы міндетті жүйелі түрде іске асыру мақсатында 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған болатын. Бүгінде Ассамблея тек консультативтік орган емес, ол - елдегі ұлтаралық келісімнің, тұрақтылықтың, қоғамдық татулықтың берік платформасы, «бірліктің алтын діңгегі» атанған жалпыұлттық институт.

Қазіргі алмағайым заманда баршамызға белгілі мәселе ол қоғамдағы тұрақтылық пен бірлік - мемлекетті дамытатын ең өзекті фактор екендігі аян. Сол себепті Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі жыл сайын артып, оның қызметі этносаралық диалогты нығайту, мәдени көптүрлілікті сақтау, азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бағыттарында ерекше маңызға ие. Ассамблея тек халыққа қызмет ететін мемлекеттік орган ғана емес, елдегі бірліктің, өзара түсіністіктің, толеранттылықтың символына айналған үлкен қоғамдық күш болып табылады. Қазақстанның тұрақтылығы мен тыныштығының негізгі себебі - халқымыздың татулығы. Бұл татулықтың сақталуына ҚХА-ның қосып жатқан үлесі орасан зор және Ассамблея құрылған күннен бастап, қоғамды біріктіру миссиясын үздіксіз атқарып келеді.

Кенес Одағы ыдыраған жылдары Қазақстан аумағында 100-ден астам этнос өкілдері өмір сүрген еді, және де олардың әрқайсысының тарихы күрделі болды: бірқатары тарихи миграция нәтижесінде келген, кейбірі патшалық Ресей кезеңіндегі қоныс аудару саясатымен келген, ал біразы саяси қуғын-сүргін, депортация жылдары мәжбүрлі түрде Қазақстанға көшірілген болатын.

1937-1944 жылдары қазақ жеріне корейлер, шешендер, ингуштар, балқарлар, қырым татарлары және басқа да ұлт өкілдері жаппай жер аударылғандығы белгілі. Қазақ халқы бұл халықтарды қасіретті кезеңде құшақ жая қарсы алып, өмір сүруіне жағдай жасады. Осылайша, қазақ топырағында достық пен мейірім мәдениеті қалыптасқандығы аян.

1991 жылдары Қазақстан өз тәуелсіздігін енді жариялап, азаттықтың ақ таңы жаңа арайлап шыққан мезетте еліміз көптеген қиындықтарға бетпе-бет тұрған болатын. Бұл уақытта экономикалық дағдарыс, саяси жүйенің қалыптасуы, халықтың әлеуметтік жағдайы - мұның бәрі ел ішіндегі тұрақтылыққа әсер ететін факторлар болды. Осындай жағдайда этносаралық келісімді сақтау - мемлекеттің тірегі болатын аса маңызды міндет еді.

1990-1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы дәл сол тарихи кезеңде өте дұрыс шешім болған еді, осы аталмыш институтты құру арқылы этностардың диалогын күшейтіп, бір-бірімен байланыстырып, олардың мәдени және тұрмыстық құқықтарын қорғауға толық жағдай жасалынған болатын. Бұл шешім елдегі этностық әралуандықты тұрақтылық факторы ретінде қабылданып, оны мемлекеттік саясаттың өзегіне айналдырудың маңызды қадамы болды. [1,30 б]

Ассамблеяның басты мақсаты - этносаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты сақтау екендігі барша халыққа мәлім. Осы миссия қағаз бетінде ғана емес, нақты іс-шаралар арқылы жүзеге асып келетініне куәгерміз. Бұл ҚХА-ның стратегиялық маңызын бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады. Әртүрлі ұлт өкілдерінің бір елде тату өмір сүруі - кездейсоқтық емес, ол жоспарлы түрде